

« Жаңа жылда,жана Нұр»

1тәрбиеші:

Жана жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жана жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт,шаттық,молшылық әкелсін,
Бәрімізге мына жыл арайлы.
Құтты болсын ағайын!
Жана жылың тағыда.
Қол соғып қарсы алайық,
Шақырайық ортаға,
Ертеңгілік басталсын,
«Балауса»тобында.

2-тәрбиеші: Құрметті балалар,ата аналар,ұстаздар,қонақтар Жана жыл мерекесіне арналған «Жана жыл, жаңа нұр» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

(Балалар келіп,шыршаны айналып тұрады)

1-тәрбиеші:Балалар жарайсындар,айтыңдаршы жылда жана жылға бізге кім келетін еді(Аяз ата).Қанекей ендеше бәріміз бірге шақырайық.(Бәрі Аяз ата деп 3рет айтады)

2-тәрбиеші:Қош келдіңіздер!Баршаңызда алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем ән де, би де бар.

Отыр ата сәл демал.

1-тәрбиеші:

Әуеледе әніміз

Жаңа кірді сәніміз.

Ақшақарды ортаға алып

Ән шырқаймыз бәріміз.

Ал енді барлығымыз шыршаны айналып «Шырша жырын» айтамыз.

2-тәрбиеші: Достарымыз бәрі қуанып,

Тамашалап кештер де,

Талшыбықтай бұралып.

Биші болам өскенде.

Құрметті қонақтар қыздарымыздың «Шырша биін»тамашалаңыздар.

1-тәрбиеші:Ендеше балалар аяз атаға арналған тақпақтарымызды айтамыз.

Б.Фариза: Жаңа жылға сәніміз

Біздің айтар әніміз.

Келдіңбе аман алыстан,

Сәлем аяз атамыз.

Айым: Аяз ата келіп тұр.

Бізге сәлем беріп тұр.

Сақалының ұзын-ай,

Кесіп алсам шіркін-ай.

Альмира:

Жаңа жылда жаңаша,

Тақпақ айтамыз.

Болсын риза балаша,

Аппақ аяз атамыз.

Еркеназ:

Қуантып елді,

Жаңа жыл келді.

Өсетін болдық,

Бір жасқа енді.

Фариза:

Аяз ата аппақ.

Кәмпиттері тәтті-ақ

Маған кәмпит көп берсе,

Тағы айтам тақпақ.

Ермұханбет:

Аяз ата тез-тез кел

Келмесеңіз болмайды,

Мына шырша жанбайды.

2-тәрбиеші: Айта берсе таусылмас,

Жаңа жылда жаңа жыр

Кел оданда халайық

Ойын ойнайық, жаңа бір.

1. Ойын. Маска.

2. Балапан биі.

1-тәрбиеші: Шынымен балалар біз бір жасқа үлкейдік. Ескі доңыз жыл, жаңа тышқан жылына орын силағысы келіп тұр. Олай болса Аяз ата, ақшақар сау болыңыздар. Біз сізге ризамыз. Қош-қош жаңа жыл.

2-тәрбиеші: Құрметті қонақтар, балалар 2020-шы Жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға үлкен рахмет. Жаңа жыл құтты болсын! Отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.

